

Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 4 желтоқсан N 1680. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.04.29. N 343 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрі және оларды мемлекеттік тіркеуді ретке келтіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3379 Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімі туралы ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 4 желтоқсандағы

N 1680 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімі туралы

ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімі (бұдан әрі - Мемлекеттік тізілім) деректерінің базасы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері туралы ақпараттық-анықтамалық сипаттағы барлық қажетті мәліметтерді қамтитын автоматтандырылған ақпараттық жүйені білдіреді.

Мемлекеттік тізілімді жүргізу Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдарына жүктеледі. Мемлекеттік тізілімді ұстаушы Мемлекеттік тізілімге енгізілуге жататын нормативтік құқықтық актілерді орталықтандырылған жинақтауды, есепке алуды және оның деректер базасын қалыптастыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы болып табылады.

2. Мемлекеттік тізілім:

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің бірыңғай

эталондық банкін қалыптастыру;

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің бірыңғай мемлекеттік есебін жүргізу мақсатында құрылады.

3. Мына нормативтік құқықтық актілер Мемлекеттік тізілімге енгізілуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы;
конституциялық заңдар; кодекстер; заңдар;

Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар жарлықтары; Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар жарлықтары; Қазақстан Республикасы Президентінің өзге де нормативтік құқықтық актілері; < * >

Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның палаталарының нормативтік қаулылары; < * >

Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік қаулылары;
Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Жоғарғы Сотының және Орталық сайлау комиссиясының нормативтік қаулылары;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі тіркеген Ұлттық Банктің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері;

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органдары тіркеген облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Республика астанасының жергілікті өкілді және атқарушы органдарының нормативтік құқықтық актілері; < * >

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органдары тіркеген , олар арқылы нормативтік құқықтық актілердің туынды түрлері бекітілетін аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті өкілді және атқарушы органдарының нормативтік құқықтық актілері. < * >

"Қызмет бабында пайдалану үшін", "баспасөзге арналмаған", "жариялауға жатпайды" деген белгісі бар нормативтік құқықтық актілер Мемлекеттік тізілімге енгізілуге тиіс .

"Аса маңызды", "өте құпия", "құпия" деген белгісі бар нормативтік құқықтық актілер Мемлекеттік тізілімге енгізуге жатпайды.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1998.08.19. N 793 , 2002.10.02. N 1082 қаулыларымен .

4. Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Мемлекеттік тізілімге енгізілуге тиісті нормативтік құқықтық актілері аталған органдармен келісілген тәртіп бойынша қағаз және электронды

тасымалдаушылар арқылы қазақ және орыс тілдерінде екі данада олар қабылданғаннан кейінгі бес күннің ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығына ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдарында мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдары Мемлекеттік тізілімге енгізілуі үшін олар тіркелгеннен кейін бес күннің ішінде қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық сақтаушыларда екі данада Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жібереді.<*>

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1998.08.19. N 793
қ а у л ы с ы м е н

5. Мемлекеттік тізілімге енгізілуге жататын нормативтік құқықтық актілерді оған Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы олар келіп түскен сәттен бастап он күннің ішінде енгізеді және оларға мемлекеттік тіркеу нөмірі беріледі.

6. Нормативтік құқықтық акт Мемлекеттік тізілімге енгізілгеннен кейін нормативтік құқықтық актінің бір данасы оған берілген мемлекеттік тіркеу нөмірімен тиісті органға қайтарылады.

7. Мемлекеттік тізілімге енгізілген нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық банкіне кіргізілуге тиіс.